

**«ЕРКЕМАЙ» ЖЕКЕ БӨБЕКЖАЙЫНЫҢ
КЕЗЕКТЕН ТЫС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ
§1 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 24 тамыз 2026 жыл

Педагогикалық кеңес төрайымы: Г.Х. Амирова – меңгеруші

Хатшы: Н.А. Бураншиева

Қатысқандар: 10 педагог, есепші.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылғы 2 ақпандағы №24 бұйрығына (2025 жылғы 7 қарашадағы №1040 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) сәйкес бөбекжайда өзін-өзі бағалау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу.

Жауапты: Г.Х. Амирова.

2. Бөбекжайда өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін комиссия құрамын бекіту.

I. ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Г.Х. Амирова – «Еркемай» жеке бөбекжайының меңгерушісі сөз сөйлеп, білім беру ұйымында алдағы мемлекеттік аттестаттауға дайындық және өзін-өзі бағалау жұмыстарын ұйымдастыру қажеттілігі туралы ақпарат берді.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылғы 2 ақпандағы №24 бұйрығына, сондай-ақ 2025 жылғы 7 қарашадағы №1040 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес білім беру ұйымының білім беру қызметінің белгіленген талаптарға сәйкестігі зерделенетіні атап өтілді.

Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауға дайындық барысында өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізіліп, оның нәтижелері бойынша тиісті құжаттар жинақталып, білім беру қызметінің сапасы мен нормативтік талаптарға сәйкестігі анықталатыны түсіндірілді.

Өзін-өзі бағалау барысында бөбекжайдың:

тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруы;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарының орындалуы;

үлгілік оқу жоспары мен үлгілік оқу бағдарламасының іске асырылуы;

педагогтердің білім деңгейі мен кәсіби қызметі;

тәрбиеленушілердің даму мониторингі;

оқу-тәрбие процесіне қажетті құжаттардың жүргізілуі;

материалдық-техникалық және әдістемелік қамтамасыз етілуі

сияқты бағыттары белгіленген бағалау өлшемшарттары негізінде зерделенетіні айтылды.

Сонымен қатар өзін-өзі бағалау жұмыстары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығының талаптары негізінде жүргізілетіні түсіндірілді.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының негізгі міндеті – бағаланатын кезеңдегі білім беру қызметінің нормативтік талаптарға сәйкестігін зерделеу, құжаттарды саралау, анықталған мәліметтерді талдау және қорытынды жасау екендігі атап өтілді.

Бөбекжайдың бағаланатын кезеңі ретінде 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдары және 2026–2027 оқу жылының қыркүйек айын қоса алған кезең белгіленетіні айтылды.

II. СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Г.Х. Амирова – меңгеруші:

Өзін-өзі бағалау барысында бағаланатын кезеңге қойылатын талаптарға тоқталып өтті.

Өзін-өзі бағалау жұмыстары белгіленген бағалау өлшемшарттарына сәйкес жүргізіліп, бұрынғы 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдары және ағымдағы 2026–2027 оқу жылының қыркүйек айын қоса алған кезеңдегі білім беру қызметі зерделенетіні түсіндірілді.

Бақылау барысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптардың орындалуына, тәрбиеленушілерге көрсетілетін білім беру қызметінің мемлекеттік стандартқа, үлгілік оқу жоспарына, үлгілік оқу бағдарламасына және тиісті әдістемелік ұсынымдарға сәйкестігіне ерекше назар аударылатынын атап өтті.

Г.Х. Амирова – меңгеруші:

Бөбекжайдың өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдарға сәйкес өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамына төмендегі қызметкерлерді енгізу ұсынылғанын айтты.

Өзін-өзі бағалау барысында қажетті құжаттардың толық қамтылуын қамтамасыз ету, бағалау өлшемшарттарында белгіленген талаптарға сәйкес жұмыстарды жүйелі жүргізу және қорытынды нәтижелерді уақытылы рәсімдеу қажеттілігіне тоқталды.

Сонымен қатар өзін-өзі бағалау жұмысын ұйымдастыру мақсатында арнайы жұмыс жоспарын әзірлеп, комиссия мүшелерінің міндеттерін нақтылау ұсынылды.

III. ШЕШІМ:

1. «Еркемай» жеке бөбекжайында өзін-өзі бағалау жұмыстары 2026 жылғы 24 тамыздан 24 қыркүйекке дейін жүргізілсін.

2. Бөбекжайда өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрамы төмендегідей болып бекітілсін:

Комиссия төрайымы:

Г.Х. Амирова – «Еркемай» жеке бөбекжайының меңгерушісі.

Комиссия мүшелері:

Б.А. Едильбаева – «Еркемай» жеке бөбекжайының әдіскері;

Ү.К. Ельжанова – «Еркемай» жеке бөбекжайының тәрбиешісі;

Г.Б. Акмалиева – «Еркемай» жеке бөбекжайының тәрбиешісі;

Р.А. Кабакова – «Еркемай» жеке бөбекжайының тәрбиешісі.

Комиссия хатшысы:

Н.А. Бураншиева – «Еркемай» жеке бөбекжайының қазақ тілі пәні мұғалімі.

3. Өзін-өзі бағалау комиссиясының жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілсін.

4. Комиссия мүшелеріне 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдары және 2026–2027 оқу жылының қыркүйек айын қоса алған кезеңдегі бөбекжайдың білім беру қызметіне жан-жақты зерделеу жүргізу тапсырылсын.

5. Өзін-өзі бағалау барысында білім беру ұйымының бағалау өлшемшарттарына сәйкестігін растайтын құжаттар толық қамтылып, жүйелендірілсін.

6. Өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша комиссия тарапынан қорытынды есеп әзірленіп, белгіленген тәртіппен рәсімделсін.

7. Өзін-өзі бағалау барысында анықталған кемшіліктер болған жағдайда оларды жою бойынша тиісті жұмыстар ұйымдастырылсын.

8. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзін-өзі бағалау комиссиясының төрайымы Г.Х. Амироваға жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: *Г.Х. Амирова*

Хатшы: *Н.А. Бураншиева*

